


Қазақстан Республикасы
Мәдениет және ақпарат министрлігі
«Құрманғазы атындағы Қазақ
ұлттық консерваториясы»
республикалық мемлекеттік
мекемесі



Республиканское государственное
учреждение «Казахская
национальная консерватория
имени Курмангазы»
Министерства культуры
и информации Республики
Казахстан

**ҚҰРЫЛЫМ
ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ**

2025-жыл 28 ақпан

күн / дата

Алматы қ.

**ПОЛОЖЕНИЕ
ПОДРАЗДЕЛЕНИЯ**

№ 117-18-2025

г. Алматы

Қазақстан Республикасы
Мәдениет және ақпарат министрлігінің
«Құрманғазы атындағы Қазақ
ұлттық консерваториясы» РММ
Ғылыми кеңес шешімімен
Бекітемін

Төраға Г. Тасбергенова
2025 жылғы «28» ақпан № 8 хаттама

ҒЫЛЫМИ-РЕДАКЦИЯЛЫҚ БӨЛІМ

Дайындады:			
Ғылыми-редакциялық бөлім басшысы		Г. З. Бегембетова	<u>24.01.25</u>
Согласовано:			
Ғылыми-инновациялық қызмет, шығармашылық даму және халықаралық ынтымақтастық жұмыстар жөніндегі проректордың м. а.		А. С. Нусупова	<u>24.01.25</u>
Халықаралық бағдарламалар және ынтымақтастық жұмыстар бөлімінің басшысы		Д. Д. Уразымбетов	<u>24.01.25</u>
Сапа менеджменті, ішкі аудит және стратегиялық жоспарлау жобалық кеңсесінің басшысы		А. С. Сарымсакова	<u>24.01.25</u>
Персоналмен жұмыс жасау бөлімінің басшысы		Г. Д. Карабалаева	<u>24.01.25</u>
Compliance Officer		Г. М. Джагупарова	<u>24.01.25</u>
Заң секторының басшысы		Д. Я. Мамедова	<u>24.01.25</u>
Лауазымы	Қолы	Аты-жөні	Күні

МАЗМҰНЫ

1.	ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР	3
2.	МІНДЕТТЕРІ.....	4
3.	ҚЫЗМЕТТЕРІ.....	5
4.	ҚҰҚЫҚТАРЫ	6
5.	ЖАУАПКЕРШІЛІК	6
6.	ӨЗАРА БАЙЛАНЫС	6
7.	ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗУ ТӘРТІБІ.....	7
8.	ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР.....	7
ӨЗГЕРІСТЕРДІ ТІРКЕУ ПАРАҒЫ		8
ТАНЫСУ ПАРАҒЫ		9

Құрылым туралы ереже	Ғылыми-редакциялық бөлім
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы	9 беттің 2-ші беті

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. Осы ереже Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 «Білім туралы» Заңына – III (11.01.2025 ж. өзгерістерімен және толықтыруларымен), Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» № 410-V Заңына (01.01.2025 ж. өзгерістер мен толықтырулармен), Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V Еңбек кодексіне (01.01.2025 ж. өзгерістер мен толықтырулармен) және Қазақстан Республикасының Басшылар, мамандар және басқа да қызметшілер лауазымдарының біліктілік анықтамалығын бекіту туралы «Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2020 жылғы 30 желтоқсандағы № 553 (20.06.2024 ж. берілген өзгерістермен және толықтырулармен) бұйрығына сәйкес әзірленді.

2. Ғылыми-редакциялық бөлім (бұдан әрі – ҒРБ) консерваторияның Ғылыми кеңесінің шешімі негізінде ректордың бұйрығымен құрылады, қайта ұйымдастырылады және таратылады.

3. ҒРБ қызметкерлері ғылыми-редакциялық бөлім басшысының және ғылыми-инновациялық қызмет, шығармашылық даму және халықаралық ынтымақтастық жұмыстар жөніндегі проректордың келісімі бойынша Консерватория ректорының бұйрығы негізінде қызметке тағайындалады және қызметтен босатылады.

4. ҒРБ өз жұмысында құрылымдық бөлімшенің қызметін үйлестіруді жүзеге асыратын ғылыми-инновациялық қызмет, шығармашылық даму және халықаралық ынтымақтастық жұмыстар жөніндегі проректорға бағынады.

5. ҒРБ қызметкерлерінің лауазымдық құқықтары мен міндеттері лауазымдық нұсқаулықтармен анықталады.

6. ҒРБ қызметкерлерінің штат саны консерваторияның штат кестесімен анықталады.

7. ҒРБ өз жұмысында:

1) Қазақстан Республикасының Конституциясымен, Қазақстан Республикасының Білім және ғылым саласындағы заңнамалық, өзге де нормативтік құқықтық актілерді;

2) Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің ҒРБ қызметіне қатысты бұйрықтарын, өкімдерін, Нұсқаулық хаттарын;

3) жоғары оқу орындарының қызметін ұйымдастыру саласындағы қолданыстағы нормативтік, әдістемелік құжаттарды;

4) Консерватория жарғысын;

5) Консерваторияның ішкі сапаны қамтамасыз ету саясатын;

6) консерваторияның сапа саласындағы мақсаттарын;

7) консерваторияны дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған бағдарламасы мен жоспарын;

8) консерваторияның қызметін регламенттейтін ішкі нормативтік

Құрылым туралы ереже	Ғылыми-редакциялық бөлім
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы	9 беттің 3-ші беті

құжаттарды;

9) Осы Ережені басшылыққа алады.

8. ҒРБ құжаттамасы консерваторияның құрылымдық бөлімшесінің номенклатурасына қойылатын жалпы талаптармен анықталады және құжаттамалық қамтамасыз ету және мұрағат бөлімімен келісіледі.

9. Бөлім бөлім басшысынан және үш менеджерден тұрады.

10. ҒРБ қызметкерлерінің еңбек жағдайлары еңбек шарттарымен және әрбір қызметкермен жасалатын қосымша келісімдермен айқындалады.

11. ҒРБ қызметкерлерінің лауазымдық міндеттері бөлім басшысы әзірлейтін және ғылыми кеңес бекітетін лауазымдық нұсқаулықтармен анықталады.

12. ҒРБ ережесін, толықтырулар мен өзгерістерді консерваторияның Ғылыми кеңесі бекітеді.

13. Бөлім басшысының функционалдық міндеттері ҒРБ қызметіне жалпы басшылық жасау, оның жоспарларын анықтау және олардың орындалуын бақылау, барлық ҒРБ қызметкерлеріне тапсырмаларды бөлу, сыртқы ұйымдармен өзара іс-қимыл жасау болып табылады.

14. ҒРБ басшысы болмаған кезде оның міндеттерін менеджер орындайды, ол тиісті құқықтарға ие болады және жұмыс берушінің актісіне сәйкес өзіне жүктелген міндеттерді тиісінше орындағаны немесе орындамағаны үшін жауап береді.

2. МІНДЕТТЕРІ

22. ҒРБ интернет-кеңістікте жариялау жобаларын және баспа басылымдарын іске асыратын халықаралық рецензияланатын Saryn ғылыми журналының қызметін ұйымдастырушылық, жариялау және ақпараттық сүйемелдеу мақсатында құрылған.

23. Құру мақсаттарына сүйене отырып ҒРБ негізгі міндеттері:

1) халықаралық рецензияланатын Saryn ғылыми журналын басылымға (мақалалар жинау, авторлармен жұмыс, рецензенттермен жұмыс, редакциялау, орналастыру, дизайн жасау, sarynjournal.kz сайты толтыру және басқа да жұмыс түрлері) дайындау;

2) Ресми sarynjournal.kz сайтының Интернет желісінде Saryn халықаралық рецензияланатын ғылыми журналын жариялау;

3) Saryn халықаралық рецензияланатын ғылыми журналын баспа (қағаз) форматында жариялануы;

4) ғылыми-зерттеу және ғылыми-баспа дамуына бағытталған data-базаларда, ғылыми өкілдіктерде, министрліктерде және өзге де ұйымдарда Saryn ЖОО ғылыми басылымының қызметі мәселелері бойынша консерваторияның сыртқы өкілдік қызметін жүргізу;

5) sarynjournal.kz ресми сайты техникалық сүйемелдеу бойынша жұмысты үйлестіру;

6) Saryn журналының жақын және алыс шетелдерден, сондай-ақ

Құрылым туралы ереже	Ғылыми-редакциялық бөлім	
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы		9 беттің 4-ші беті

Қазақстан Республикасынан білім беру, ғылыми-зерттеу және мәдени ұйымдармен ынтымақтастығы жөніндегі жұмысты үйлестіру;

7) жақын және алыс шетелдерден Сарын қызметін дамытуға мүдделі тұлғаларды (авторларды, рецензенттерді, редакторларды) тарту;

8) Сарын журналын жариялау мәселелері бойынша редакциялық саясат, рецензиялау саясаты және авторларға, сондай-ақ редакциялық кеңес мүшелеріне арналған нұсқаулық шеңберінде авторлар мен рецензенттерге консультациялық қолдау көрсету;

9) мерзімді ғылыми басылымдарға байланысты ҚР заңнамасының орындау.

3. ҚЫЗМЕТТЕРІ

24. ҒРБ өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес келесі функцияларды орындайды:

1) күнтізбелік жылға (жыл сайын) арналған жұмыс жоспарларын әзірлеу, оларды іске асыруға қатысу, жұмыс туралы есеп беру;

2) консерваторияның номенклатурасына сәйкес іс қағаздарын жүргізу;

3) Сарын журналын жариялау мәселелері бойынша ғылыми-зерттеу және ғылыми-баспа ұйымдарымен хат алмасуды жүзеге асыру;

4) ғылыми басылымдар қызметінің бағыты бойынша әлемдік үрдістерді жүйелі зерделеу және талдау;

5) Сарын халықаралық редакциялық кеңесі мен редакциялық алқасының жұмысын ұйымдастыру;

6) жетекшілік ететін министрліктер мен өзге де органдардың сұрау салуы бойынша Сарын журналының қызметіне қатысты ақпараттық анықтамаларды, есептерді және өзге де құжаттарды дайындау;

7) Сарын журналының веб-сайтын (sarynjournal.kz) толтыру жөніндегі қызмет;

8) журнал мазмұнын Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету Комитетінің ғылыми қызметінің нәтижелерін жариялау үшін ұсынылатын басылымдар тізбесіне енгізу үшін ғылыми басылымдарға қойылатын талаптарға сәйкестігіне, сондай-ақ Халықаралық ғылыми стандарттарға, оның ішінде Scopus, Web of Science және басқа да ғылыми метрикалық деректер базалары бойынша сәйкестігіне бақылау жасау;

9) Сарын журналын Scopus, Web of Science Core Collection және т. б. ғаламдық халықаралық ақпараттық ғылыми деректер базасына жылжыту жөніндегі жұмыс;

10) Сарын рецензенттер базасын толықтыру;

11) Сарын журналы қызметінің нәтижелерін Консерватория сайтында (conservatoire.edu.kz) жариялау.

Құрылым туралы ереже	Ғылыми-редакциялық бөлім
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы	9 беттің 5-ші беті

4. ҚҰҚЫҚТАРЫ

25. ҒРБ өз функцияларын жүзеге асыру мақсатында:

- 1) өз құзыреті шегінде Sarun ғылыми-редакциялық жұмысы саласындағы құжаттарды дайындауға;
- 2) Sarun жобаларын іске асыру және ұсыну, есеп беру бойынша ҒРБ-ге жүктелген функцияларды орындау үшін консерваторияның құрылымдық бөлімшелерінен қажетті ақпарат сұратуға және алуға;
- 3) консерваторияның құрылымдық бөлімшелерінен статистикалық және жедел деректерді; бөлімнің құзыретіне жататын мәселелер бойынша қызметкерлердің өз лауазымдық міндеттерін орындауы үшін қажетті есептік және анықтамалық материалдарды сұратуға және алуға;
- 4) Sarun қызметі мен жұмыс істеуін дамыту немесе қолдау жөнінде ұсыныстарды ректордың назарына ұсынуға;
- 5) ҒРБ-ге жүктелген функцияларды орындау үшін жергілікті ақпараттық желілер мен құжат айналымы жүйелерін, сондай-ақ халықаралық телефон байланысын пайдалануға құқылы.

5. ЖАУАПКЕРШІЛІК

26. Бөлім өз құзыреті шегінде Қазақстан Республикасы заңдарының, Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің қаулылары мен ережелерінің, сондай-ақ Консерватория ректорының бұйрықтарының талаптарын орындауға жауапты болады.

27. ҒРБ қызметкерлерінің жауапкершілік дәрежесі тиісті лауазымдық нұсқаулықтармен белгіленеді.

28. ҒРБ-нің әрбір қызметкері өздерінің лауазымдық міндеттерін орындау кезінде қол жеткізген құпия ақпараттың сақталуы мен жария етілмеуі үшін толық жауапты болады.

29. Барлық ҒРБ қызметкерлері кәсіби қауіпсіздік пен денсаулық ережелері мен нормаларын, өрт және сейсмикалық қауіпсіздік ережелерін сақтауға, сондай-ақ ҒРБ құзырындағы мүліктің сақталуын қамтамасыз етуге міндетті.

6. ӨЗАРА БАЙЛАНЫС

30. ҒРБ-нің басқа құрылымдық бөлімшелермен өзара қарым-қатынасы осы Ережемен айқындалатын міндеттер мен функциялармен айқындалады.

31. ҒРБ консерваторияның басқа құрылымдық бөлімшелерімен Sarun басылымы бойынша ғылыми-редакциялық жұмыс мәселелері бойынша ынтымақтаса алады немесе кеңес бере алады.

Құрылым туралы ереже	Ғылыми-редакциялық бөлім	
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы		9 беттің 6-ші беті

7. ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗУ ТӘРТІБІ

15. Осы ережені өзгерту бойынша ұсыныстарды бөлім басшысы енгізеді және жетекшілік ететін проректормен келісіледі.

16. Ережеге өзгерістер енгізу ғылыми-инновациялық қызмет, шығармашылық даму және халықаралық ынтымақтастық жөніндегі проректормен келісілген бөлім басшысының қызметтік хаты негізінде ғылыми кеңес шешімінің қорытындысы бойынша ғана жүргізіледі.

17. Ережеге өзгерістер енгізу «өзгерістерді тіркеу парағында» міндетті белгісі бар СМЖ талаптарына сәйкес жүргізіледі.

18. Ереженің түпнұсқасы персоналмен жұмыс жөніндегі бөлімде сақталады.

8. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

19. Осы Ережені, сондай-ақ оған енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларды консерваторияның ректоры бекітеді және олар бекітілгеннен кейін күшіне енеді.

20. Ереженің тармақтары орындау үшін міндетті және осы құжатта ескерілмеген нормативтік құжаттардың өзгеруіне байланысты өзгертілуі немесе толықтырылуы мүмкін.

21. Ереже тармақтарын іске асыруда туындайтын өзге де мәселелер Консерватория Жарғысына не Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шешіледі.

Құрылым туралы ереже	Ғылыми-редакциялық бөлім	
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы		9 беттің 7-ші беті

ӨЗГЕРІСТЕРДІ ТІРКЕУ ПАРАҒЫ

[illegible]

Құрылым туралы ереже	Ғылыми-редакциялық бөлім
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы	9 беттің 8-ші беті

ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

[illegible]

Құрылым туралы ереже	Ғылыми-редакциялық бөлім
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы	9 беттің 9-ші беті